

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі
МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай- балабақшасы»

«Келісілді»:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Г.С.Барикова

« 01 » 09 2023 ЖЫЛ

«Бекітемін»:

МКҚК «Жұлдыз»
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:

З.Б.Нурманова

« 31 » 08 2023 ЖЫЛ

«Асыл мұра» бағдарламасы

Әзірленушінің аты-жөні:

Тәрбиеші: Каюпова Аксана Ермахановна

2023 ЖЫЛ

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинеті ұсынған

Құрастырғандар:

1. Каюпова Аксана Ермахановна МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі
2. Макарова Сара Сагитжановна МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Пікір беруші:

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Барикова Гульжаз Советовна

Кенес беруші:

Көктау ауылы, МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Нугманова Замзагуль Бекказиевна

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында қаралды:

Хаттама № 4

«01» «09» 2023 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:


(колы)

Тоуриева Г. С
(тегі, аты, әкесінің аты)

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы педагогикалық кеңес отырысында талқыланды.

Хаттама №

«31» «08» 2023 жыл

Меңгеруші:



З.Б.Нугманова

(тегі, аты, әкесінің аты)

Түсінік хат

«Асыл мұра» вариативтік бөлім бағдарламасы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, балаларды жан-жақты қабілеттерін қалыптастыруға сай құрылған. Әлемдегі ең құнды байлықтың бірі – баланың жарқын күлкісі мен көңілді көздері.

«Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры»-дейді, дана халқымыз. Сондықтан бала тәрбиесіне аса мән беріп, бала болашағы еш уақытта біздің ой-толғанысымыздан тыс қалмауы тиіс. Егемен еліміздің ертеңі балабақшадан бастау алады.

Қоғам алдында әрбір педагог-тәрбиешінің басты міндеті ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі баланы ұлтымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін бойына сіңіріп, сол арқылы оны ізгілікке, рухани-адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеудің маңызы зор. Балалық шақ – бұл балалардың қоршаған ортаны тани бастайтын, өзінің жеке-дара қасиеттерін байқатып, тұлға ретінде қалыптасуына жол апаратын мезгіл.

Бағдарламада балабақшаның тәрбиелеу-оқыту процесінде ұлттық дәстүрлі еңбектің үлгілерін, ата-баба тәжірибесін, ата кәсібінің ерекшеліктерін, дәстүрлерін енгізу арқылы отбасы, балабақша және құрдастары арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, тәрбиені ұлттық психологиямен халықтық педагогикаға негіздеу жолдарын ұсындық.

Бағдарламаны әзірлеуде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының білім салалаларының міндеттері басшылыққа алынған.

Бағдарлама оқытудың вариативтік компоненті арқылы іске асырылуға негізделген.

«Асыл мұра» бағдарламасы бірнеше бағыт арқылы жүзеге асады балаларға арналған «Әжемнің үйі – ақ жайлау» және «Аталар сөзі-тәрбие көзі» этноклубы «Ізгі сөздер патшалығы» этностудия «Ұлттық ойындар» этноклубы.

«Асыл мұра» бағдарламасы өскелең ұрпаққа, ата дәстүрін жалғастырушы мұрагеріне рухани-адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық өнерге бейім, қыз инабаты, жігіт сұлтандығы сияқты мінез сапаларын бойына асыл мұра етіп сіңдіруге бағытталады. Бағдарлама балабақша ұжымының ата-аналарымен ықпалдастығына арналған. «Асыл мұра» бағдарламасы балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, салуатты өмір салтына баулу, еңбек сүйгіштік қабілетін, экологиялық білім негіздерін және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған және мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

Бағдарламаның мақсаты:

мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тәлім-тәрбиесін «Асыл мұра» бағдарламасы негізінде қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. «Асыл мұра» бағдарламасы негізінде ұлттық тәрбиені ғылыми орталық құру арқылы жүзеге асыру;
2. балабақша балалары мен ата-аналардың ұлттық тәрбие туралы түсініктерін анықтауға бағыттылған сауалнама әзірлеу;
3. ұлттық тәлім-тәрбие берудің негізгі бағыттарын көрсету;
4. балалардың жас ерекшелігіне сай этностық бағытта тәрбие беретін үйірмелер ұйымдастыру;
5. бағдарлама негізінде педагогикалық кеңестер мен семинарлар ұйымдастыру болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

Есу, ұзу арқылы, әженің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қолмоторикасын дамытады.

Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне біледі.

Ұқыптылық, еңбек сүйгіштікке тәрбиеленеді.

Жақсы сөздердің жақсы қасиеттерден шығатынын сезіндіру, дұрыс сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Көркем, нақышты сөйлей білу, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнерін үйренеді.

Елін жерін сүйетін нағыз намысқой, адал да, батыл азамат болуға қалыптасады.

Қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне біледі.

Ұлттық және басқа да түрлі спорттық ойындарға баулу арқылы жас ұрпақты шымырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу, салауатты өмір салтына жетелеу.

Бағдарламаға қатысушы топ: «Гүлдер» ересек тобы және «Балапан» аралас тобы (3 жастағы және 4 жастағы балалар)

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 3 жас және 4 жас

Бағдарламаға қатысушылар саны: 30 бала

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналарының қатысуымен құрылған «Әжелер мектебі» және «Әкелер мектебінің» жылдық іс-шаралар жоспары.

Мақсаты: Ата-аналармен ықпалдастық негізінде ұлттық тәлім-тәрбиені бала бойында қалыптастыру.

Міндеті:

1. Мектепке дейінгі мекемеде ата-аналармен ынтымақтастық қарым-қатынасқа қолайлы жағдай тудыру.
2. «Әжелер мектебі» және «Әкелер мектебі» негізінде берілген тәрбие бағыттарын ата-аналарға көрсету.
3. Ата-аналарды балабақша дағы ұлттық тәрбие беру жұмыстарына араластыру.
4. Ата-аналармен бірлесіп ұлттық тәрбие бағытында берілген тапсырмалар мен нәтижелерін қорытындылау.

«Әжемнің үйі – ақ жайлау» және «Аталар сөзі-тәрбие көзі» этноклубы

Әжелер және әкелер мектебінің тәрбиелік маңызы зор. «Әжемнің үйі – ақ жайлау» және «Әкелер мектебі» этноклубының және «Ізгі сөздер патшалығы» этностудия «Ұлттық ойындар» этноклубы аясында бұлдіршіндер әлсуметтік салт-дәстүрлер, қолөнер, сөз өнері, саз өнерін, ұлттық ойындарды сонымен бірге қарым - қатынас кезіндегі инабаттылық, әдептілік, мәдениеттілік дағдыларын қалыптастыру, танып-білу арқылы ата-бабаларының тұрмыс-тіршілігін танып-біледі, көне мұрағаттан өзіне тиіс үлесін үйренеді. Халық әндеріндегі, күйлеріндегі, терме жырларындағы әсем әуендерінен халқымыздың басынан кешкен тарихының, сол кезеңдердегі көңіл-күйлерінің, сезімдерінің көріністерін көреді. Ертегі оқып, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел жаттап, бесік жырын үйреніп тілін ұстартса, ырымдар мен тыйым сөздерді меңгеру арқылы тәрбиесін тектей отырып, баланың денсаулығына да көңіл бөлінеді. Сергіту сәттерінде ұлттық ойындарды ойнату арқылы салт-дәстүр мен ұлттық ойындармен де танысады. Денешынықтыру ҰІӨ-не ұлттық ойындар кіріктіріліп жүргізіледі.

Осыған орай балабақшада «Әжемнің үйі-ақ жайлау» этноклубы және «Әкелер мектебі» этноклубы ұйымдастырылды. Этноклубтың мақсаты: Әжелер, әкелер ұлағатынан өнсе ала отырып, балаларды өз жасына сай қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мазмұнын, туыстық қарым-қатынастың мәнін түсіне білуге тәрбиелеу.

«Қатынас», «Әлеумет», «Шығармашылық» дағдыларын қамтитын этноклубтың жұмысының барысында балаларда әдептілік, инабаттылық, мәдениеттілік дағдылары қалыптасады. Қоркем, нақышты сойлей білу, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнеріне тәрбиелейді.

«Әжемнің үйі-ақ жайлау» және «Әкелер мектебі» этноклубына 3 жас және 4 жастағы балалар қатысады және ол балалардың ата-аналары, әжелері келіп мұраға қалған қолөнер түрлерімен, құрал-жабдықтар атауымен таныстырып, ұсақ қолөнерге баулуға көмектеседі. Бағдарлама жоспарына сай «Әжемнің үйі – ақ жайлау» және «Аталар сөзі-тәрбие көзі» этноклубы

«Ізгі сөздер патшалығы» этностудия «Ұлттық ойындар» айына 2 рет өтеді.

Әжелер және әкелер мектебінің жұмыстарының барысында келесі әдіс-тәсілдер қолданылады:

- ойын әдістері (дидактикалық, бейнелі-рөлдік, қозғалмалы, сөздік, әуездік, құрылысойындары)
- көрнекілік әдісі (суреттер, сызбалар, карталар, тірі және жансыз объект, қаланың қоркем орындары, қарағайлы орман, т.б.)
- сөздік әдіс (әңгіме, әңгімелесу, оқып беру, түсіндіру)
- техникалық қондырғыларды қолдану (мультимедиалық қондырғылар, интерактивті тақта, компьютерлік ұлттық ойындар, компьютерлік ойыншықтар, слайдтар)

- драмалық қойылымдар.
- қазақ халық фольклорын кең қолдану.
- бөлмеде және табиғат аясында бейнелеу әрекетімен шұғылдану, бейнелеу әрекетінің жаңатүрлеріне баулу.
- ұлттық және басқа да түрлі спорттық ойындарға баулу арқылы жас ұрпақты шымырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу, салауатты өмір салтына жетелеу.

«Әжемнің үйі-ақ жайлау» этноклубының жылдық жұмыс жоспары:

Мақсаты: Әжелер ұлағатынан өнеге ала отырып, өз жастарына сай қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мазмұнын, туыстық қарым- қатынастың мәнін түсіне білуге тәрбиелеу.

Қыз балалар ою ойын, сырмақ, түскііз орнектеу, сырт киім мен бас киімді әшекейлерінің қарапайым түрлерімен танысып, өздеріне таныс сурет, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру әрекеттері арқылы, осы өнерді үйренуге деген құштарлығы туғызылады, үйретіледі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданған заттар, бұйымдар мен ыдыс-аяқ т.б. дүниесі жайлы түсінік алып, кейбір заттарды өздері де қолдан жасай білу өнеріне баулайды.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Откізілетін уақыты
1	«Әжемнің ыстық бауырсақтары»	Қазақтың ұлттық тағамы бауырсақтың жасалу жолдарымен таныстыру, (бейне сюжет, алдып ала асханаға саяхат т.б.) «бауырсақты» «камырдан» (қатты тұздап иленген ұн) есу, ұзу арқылы, әженің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қолмоторикасын дамыту. Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастыру.	08.09.2023жыл 22.09.2023жыл
2	«Әжемнің ақ құрттары»	Қазақ халқының ұлттық тағамы құрттың жасалу жолдарын көрсету; құрттың түрлерімен таныстыру, ұсақ қол моторикасын, тіліп дамыту, тазалыққа баулу.	13.10.2023 жыл 27.10.2023жыл
3	«Қиыстырып құрақ құрау» (Жұлдызша)	Көркем сөз оқу, әңгімелесу, (бейне сюжет) Сөз қорына құрақ көрпе ұғымын енгізу, сенсорлық тәрбие (қабылдау, түйсік, тб)	10.11.2023жыл 24.11.2023жыл
4	«Қызғалдақ» гүлін құрақтан құрау	Мата қиындыларын кәдеге жаратуға, әр түрлі геометриялық пішіндерді қиюластыру арқылы матадан құрақ құрау әдістерін.	15.12.2023 жыл 29.12.2023жыл
5	«Әжемнің ақылы» (ырым, тиым сөздер)	Әжелер ұлағатынан өнге ала отырып, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне білуге үйрету.	12.01.2024 жыл 26.01.2024жыл
6	«Жүн түту» (жаңа технологиямен дайындалған түрлі түсті жүн материалы қолданылады)	Бейне сюжет арқылы қазақ халқының жүнді өңдеу технологиясымен (қойды қырку, жүнін тазалау, жуу тәсілдерімен) таныстыру. Жуылған жүнді түту қажеттілігін түсіндіріп, осы әрекетті орындату. Ұқыптылық, еңбек сүйгіштік сапаларын тәрбиелесу.	16.02.2024жыл 01.03.2024жыл
7	«Ұршық иіру»	Қыз балаларды ұршықпен, жүн иірудің әдіс тәсілдерімен таныстыру (бейне материал көру, қонаққа келген әже жіпті иіруі, иірілген жіптен тоқыма тоқу, т.б.) балалар шашақ жасауы т.б.	15.03.2024 жыл

8	«Кілемше тоқимыз»	Түтілген, одан соң иірілген жіптен тоқудың әдісін көрсету, бір бізбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, шыдамдылыққа, басталған жұмысын аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру, таным үрдісін, ұсақ қол моторикасын дамыту, сөздік қорын молайту.	12.04.2024жыл 26.04.2024жыл
9	«Әжемнің ертегісі»	Қазақ халқының ертегілерін әже аузынан естіп, есіне сақтап, күнделікті өмірде белгілі бір мәтінді баяндау кезінде, ертегі ішіндегі кейіпкерлердің сөздерін, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды қолдана білуге баулу.	17.05.2024жыл 31.05.2024 жыл

«Аталар сөзі-тәрбие көзі» этноклубы

Мақсаты: Балаларды халық қазынасы шешендік өнерге баулу, аңыз әңгімелер арқылы көркем сөйлеуге, тапқырлық өнерге үйрету. Өткір тілді, саналы, ақылды болуға тәрбиелеу. Ел балаларды өнер әлеміне баулу, эстетикалық талғамын, шығармашылық құзіреттілігі мен қиялдау қабілетін дамыту, мұраға қалған қолөнер түрлерімен, құрал-жабдықтарының атауымен таныстару және қолөнерге баулу. Ізгі сөздер патшалығына енген баланың сөзіне қылығы сай болуын, қарым- қатынас кезіндегі инабаттылық, әдептілік, мәдениеттілік дағдыларын қалыптастыру. Сөйлей біле, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнерінің алғышарттары қалыптасқан бұлдіршін баланы тәрбиелеу. Адамның жанын жадыратып, көңіл-күйін көтеретін, маңайындағы ересек адамдарға деген құрметін, құрдасына деген достық ниетін әдепті, әдемі сөз арқылы білдіре алуға жетелеу.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өткізілетін уақыты
1	«Ата-балаға сыншы»	Халқымыздың тәрбиелік маңызын жоймаған әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы жас өспірімнің бойына асыл да, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.	06.09.2023 жыл 20.09.2023 жыл
2	«Үш таспалы қамшы өру» (былғары, қайыстан)	Қайысты үш бөлікке бөліп қазақтың ұлттық бұйымының бірі қамшыны үш таспалы етіп өре білуге үйрету.	04.10.2023 жыл 18.10.2023жыл
3	«Бетбелгі жасау»(жұмс ақ қайыстан немесе жіппен өру)	Балалардың қол шеберліктерін жетілдіре отырып қайыстан бетбелгі өруге үйрету.	01.11.2023жыл 15.11.2023жыл
4	«Төрт таспалы белдік өру»	Бозбалалардың белдеріне тағатын белдікті төрт таспалы өрім өру арқылы жасауға үйрету.	06.12.2023 жыл 21.12.2023жыл
5	«Әдепті бала арлы бала»	Әңгіме арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді, ақылдылығы мен тапқырлықты дамыту. Елін жерін сүйетін нағыз намысқой, адал да, батыл азамат етіп тәрбиелеу.	03.01.2024 жыл 17.01.2024жыл

6	«Аталар ақылы» (ырым, тиым сөздер)	Аталар ұлағатынан өнеге ала отырып, қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тиымдарының мәнін түсіне білуге үйрету.	07.02.2024жыл 19.02.2024жыл
7	«Атамның аңыз әңгімесі» (Жеті қазынаның бірі)	Балаларға халық ауыз әдебиетінің аңыз әңгімелерімен таныстыру.	06.03.2024 жыл 20.03.2024жыл
8	«Әкеден – ақыл, анадан – мейір»	Әкенің ұлына берер үлгі - өнегесі, бала тәрбиесінің қамқоршысы, тірегі екендігін жете меңгерту. Қоғамдық ортадан алатын ерекше орны, оларды құрметтеуге, ақыл-кеңестерін бойына сіңіруге, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеуге баулу.	03.04.2024жыл 15.04.2024жыл
9	«Сен білесің бе?» (Туыстық атаулар)	Туыстық қарым-қатынастың мәнін және олардың атауларымен таныстыру.	22.05.2024жыл

«Ізгі сөздер патшалығы» этностудия

Мақсаты: Ізгі сөздер патшалығына енген баланың сөзіне қылығы сай болуын, қарым- қатынас кезіндегі инабаттылық, әдептілік, мәдениеттілік дағдыларын қалыптастыру. Сөйлей біле, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнерінің алғышарттары қалыптасқан бүлдіршін баланы тәрбиелеу. Адамның жанын жадыратып, көңіл-күйін көтеретін, маңайындағы ересек адамдарға деген құрметін, құрдасына деген достық ниетін әдепті, әдемі сөз арқылы білдіре алуға жетелеу.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өткізілетін уақыты
1	«Білер казак баласы, сәлем сөздің анас.»	Амандасу сөздерін, олардың әр жастағы адамдарға әртүрлі айтылатынын үйрету. Жақсы сөздердің жақсы қасиеттерден шығатынын сезіндіру, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.	13.09.2023ж 27.09.2023ж
2	«Мен –әдепті баламын!»	Балаларға алғыс білдіруді, кешірім өтінуді, ризашылық білдіруді үйрету.	11.10.2023ж 25.10.2023ж
3	«Қонақ келсе қуаныш»	Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы, қонақты күту, сыйлауға үйрету.	08.11.2023ж 22.11.2023ж
4	«Дастарханның басында әдептен біз озбаймыз!»	Дастархан басындағы мәдениет дағдыларының бастапқы нышандарына баулу.	13.12.2023ж 27.12.2023ж
5	«Менің есімім»	Өз есімдерінің қандай мәні мағына беретінін айта білуге үйрету	10.01.2024ж 24.01.2024ж
6	«Түсінісу мен кешіруді үйренеміз»	«Кешірім», «өзара түсіністік», адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту	14.02.2024ж 28.02.2024ж
7	«Бәрі де татулықтан басталады»	Отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту	13.03.2024ж 27.03.2024ж
8	«Алло, сәлеметсіз бе?»	Байланыс құралдарының бірі – телефонмен дұрыс әңгімелесе білуге баулу, мәдениетті қарым-қатынасты дәріптеу	10.04.2024ж 24.04.2024ж
9	Сайыс тақырыбы: «Ізгі сөздер патшасы»	Әдептілік, инабаттылық, мәдениеттілік дағдыларын қалыптастыру. Көркем, нақышты сөйлей білу, сұлулық сырын тілмен жеткізіп, оймен өре білу өнеріне тәрбиелеу.	15.05.2024ж 29.05.2024ж

«Ұлттық ойындар»

Мақсаты: Ұлттық және басқа да түрлі спорттық ойындарға баулу арқылы жас ұрпақты шымырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу, салауатты өмір салтына жетелеу.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Тақия тастамақ» ойыны	Балаларды жылдамдыққа зеректілікке тәрбиелеу. Сөздік қорын, тілін дамыту. Ұлттық тәрбиеге баулу.	01.09.2023ж 15.09.2023ж
2	«Теңге алу» ойыны	Жүгіруге, шапшаңдыққа белгі бойынша әрекет жасауға үйрету. Ұлттық тәрбиеге баулу	06.10.2023ж 20.10.2023ж
3	«Соқыр теке» ойыны	Балаларды зеректілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.	03.11.2023ж 17.11.2023ж
4	«Алшы» ойыны	Балаларды көздеп лақтыруға, мергендікке үйрету.	08.12.2023ж 22.12.2023ж
5	«Оңқа» ойыны	Балаларды көздеп лақтыруға үйрету	05.01.2024ж 19.01.2024ж
6	«Асық ату» ойыны	Балаларды көздеп лақтыруға, ептілікке ұстамдылыққа тәрбиелеу	09.02.2024ж 23.02.2024ж
7	«Хан» ойыны	Балаларды байыптылыққа, ұстамдылыққа, ептілікке үйрету	29.03.2024ж
8	«Арқан тартыс» ойыны	Күштілікке, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ұлттық тәрбиеге баулу	05.04.2024ж 19.04.2024ж
9	«Қол күрес» ойыны	Балаларды батылдыққа, батырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу	10.05.2024ж 24.05.2024ж

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан. Астана: Республиканский научно-практический центр проблем 12-летнего образования, 2005. – 19с.
2. Назарбаев Н.Ә. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. –2004, 2016, 2017 жылдары.
3. Есиркепов, Ж. М. Қазақтың ұлттық ойындарын мектепке дейінгі мекемедегі дене тәрбиесіне қолдану әдістемесі / Ж. М. Есиркепов, Г. М. Есиркепова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 4.1 (63.1). — С. 53-54.
4. Пожалуйста, не забудьте правильно оформить цитату: Есиркепов, Ж. М. Қазақтың ұлттық ойындарын мектепке дейінгі мекемедегі дене тәрбиесіне қолдану әдістемесі / Ж. М. Есиркепов, Г. М. Есиркепова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 5. (63.1). — С. 53-54. — URL: <https://moluch.ru/archive/63/10011/> (дата обращения: 31.03.2021).
6. Ұзақбаева С. А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие: пед. ғыл. докт...дисс,- Алматы, 1993. - 420б.
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы: Рауан, 1994- 1т.320б.
8. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, 1924- 182б.
9. Рахметова С., Жаманқұл П., Қабатаева Б. Ана тілі оқулығы. 2-сынып. – Алматы: Атамұра, 2002.
10. Шашақова А. Халық тәлім-тәрбие бастауы. –Алматы: Рауан, 1994.- 112б.

